

*Бекітілген
Түр*

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Болашақ» балабақшасы

Топ «Қарлығаш» ересек тобы

Балалардың жасы 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 01-05 қаңтар 2024 жыл

Сейсенбі	Бейсенбі
<p>Тақырыбы: «Ғажайып үйшік»</p> <p>Мақсаты: Баспалдақпен жоғары шығу және төмен түсу арқылы әуеннің бағытын дауыспен айтуға үйрету. Жануарлардың суретін қолдана отырып, балаларды олардың жүрісін, қимылын, дыбыстауын көрсете білуге, шығармашылыққа баулу.</p> <p>1. Балалар музыка залына қолдарына жалауша алып көңілді маршпен кіреді. Балаларға үйшіктің және қоян, балапан, бақа, күшік, т.б. суреттері ұсынылады.</p> <p>2. Ән айту. Музыка жетекшісі «Жоғарығы шығымын» деп әндетеді. Балалар әуенді қайталап, өздері қалаған суретін басқышпен жоғарыға жүргізеді. Үйшікке жақындап, «Қандай ғажап үйшік?» деп әндетеді. Келесі кезекте терезеден сурет көрсетіліп, балалар әуенді тыңдап, сәйкес келетін аңдардың, жануарлардың, балапанның, бақаның, т.б. суреттерін басқыштармен жүргізіп, үйшікке кіргізеді. Балалар терезеден көрінген суретке қарап, олардың қимыл-қозғалысын салып көрсетеді</p>	<p>Тақырыбы: «Музыкалық әткеншек»</p> <p>Мақсаты: Әнді тыңдауға және жеңіл қозғалуға, шеңбер бойымен тұруға, жүруге дағдыландыру, жануарларға деген қызығушылық, қамқорлық сезімін ояту</p> <p>1. Балаларды музыкамен қарсы алу. Музыка жетекшісі «Әткеншек» әнін орындайды және балалардан әткеншектің қалай қозғалатынын сұрайды. Балалардан музыканың өзгеру темпін қимылмен көрсетуді және сұрақтарға жауап берулерін сұрайды.</p> <p>2. Музыкалық-ырғақты қимыл: Қай кезде музыка тез ойнады? Қай кезде баяу ойнады? (жылдам қозғалады, ақырын қозғалады, баяу қозғалады, тоқтайды.) Барабан және ағаш қасықтарды соғып ойнау.</p>

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Болашақ» балабақшасы

Топ «Қарлығаш» ересек тобы

Балалардың жасы 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 08-12 қаңтар 2024 жыл

Сейсенбі	Бейсенбі
<p>Тақырыбы: «Қояндар» Мақсаты: Музыканың көңілді, көңілсіз, баяу түрлерін ажырата білуге баулу. 1. Балалар музыка залына қолдарына жалауша алып көңілді маршпен кіреді. Музыка жетекшісі балаларға: Бір үйде қояндар өмір сүріпті. Олар сондай көңілді қояндар болыпты. Қояндар көңіл көтеріп билегенді жақсы көріпті – деп (қояндардың билеп жатқан суретін көрсетеді). Ал қояндар шаршағанда жатып ұйықтайды екен. Аналары болса балаларына бесік жырын айтып береді екен (қояндардың ұйықтап жатқан суреттерін көрсетеді). Әрі қарай музыка жетекшісі балалардан, сурет бойынша қояндардың нестеп жатқанын айтып беруді және музыканы тыңдап қимылдарымен көрсетуді сұрайды. 2. Музыка тыңдау: «Ақ қоян»</p>	<p>Тақырыбы: «Бауырсақ кіммен кездесті?» Мақсаты: Музыканы сезінуге, төмен, орташа, жоғары дыбыстарды ажырата білуге баулу. 1. Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу. Музыка жетекшісі «Бауырсақ» ертегісін және сол ертегінің кейіпкерлерін естеріне түсірулерін сұрайды. (қасқыр, түлкі, аю, қоян). Музыка жетекшісі осы аңдарға байланысты музыкаларды, мысалы аюдың музыкасын, төменгі регистрдан, ал қоянның музыкасын жоғарғы регистрдан ойнайды. Балалар музыканың қай регистрдан ойналғанын тыңдап, қай аңның музыкасы екенін тауып, сурет арқылы көрсетеді. 2. Ән айту. «Бауырсақ» -Қанекей балалар әжемiзге қошакан туралы ән айтып берейiк.</p>

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Болашақ» балабақшасы
 Топ «Қарлығаш» ересек тобы
 Балалардың жасы 4-5 жас
 Жоспардың құрылу кезеңі 15-19 қаңтар 2024 жыл

Сейсенбі	Бейсенбі
<p>Тақырыбы: «Ән салған кім?» Мақсаты: Балаларды дыбыстың ұзақтығын ажырата білуге үйрету. Әуенді тыңдап, қысқа және ұзақ дыбыстарды анықтауға баулу. 1. Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу. Балалар шеңбер жасап жүріп әндетеді. Шет жақта, балаларға сыртын беріп отырған бала, ән салған баланың дауысын тануы керек. Отырған бала ән салған баланы дауысынан таныса, олар орын ауыстырады. (тембрді айыру үшін арналған ойын) 2. Ән айту. Көп бала бар бөлмеде, Бірі ғана ән салады. Ал сырттағы Кім екен деп тамсанады Бір бала былай деп әндетеді. Мен бақытты бөбекпін, Таудай биік талабым, Ән мен күйге зерекпін, Бірден қағып аламын.</p>	<p>Тақырыбы: «Қос дабыл» (Дыбыстың биіктігін айыру үшін арналған ойын) Мақсаты: Көңілді, сабырлы, мұңды музыкалық шығармаларды ажырата білуге үйрету. Есту қабілеттерін дамыту, тапқырлыққа баулу. 1. Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу. 2. Ән айту. Гүрілдей кеп қағылды, Танып тұрмыз дабылды. Там – та – ра – там. Там – та – ра – там. Там – та – ра – там. Там – та – ра – там. Шіңкілдей кеп қағылды, Танып тұрмыз дабылды. Ти – та – ра – ти. Ти – та – ра – ти. Ти – та – ра – ти. Ти – та – ра – ти. Балалар екі шеңбер жасап тұрады: сыртқы (Үлкен) және ішкі (Кіші.) Ойын басталғанша тәрбиеші өзінің қалауы бойынша үлкен немесе кіші дабылда ойнайды. Үлкен дабылда ойнағанда сыртқы шеңбердегі балалар айналып жүріп әндетеді, кіші дабылда ойнағанда ішкі шеңбердегі балалар айналып жүріп ән салады.</p>

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Болашақ» балабақшасы
 Топ «Қарлығаш» ересек тобы
 Балалардың жасы 4-5 жас
 Жоспардың құрылу кезеңі 22-26 қаңтар 2024 жыл

Сейсенбі	Бейсенбі
<p>Тақырыбы: «Көлеңке» Мақсаты: Балаларды дыбыстың ұзақтығын ажырата білуге үйрету. Әуенді тыңдап, қысқа және ұзақ дыбыстарды анықтауға баулу.</p> <p>1. Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу. Көлбең көлбең көлеңкем, Көлбеңдеген көлеңкем! Қане қатар тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық</p> <p>2. Ән айту. Ән ырғағымен балалар бүркітше қанат қағады, еңкейіп саусақтарымен жер тірейді. Көлеңкелер қайталап қимыл жасайды. Көлбең – көлбең көлеңкем, Көлбеңдеген көлеңкем! Қасқыр қалай жүреді, Кім көрсете біледі?</p> <p>3. Музыкалық-ырғақты қимыл: (Қасқырдың жүрісін бейнелейді)</p>	<p>Тақырыбы: «Аспаптың даусын ажырат» ойыны Мақсаты: Балаларды музыкалық аспаптардың тембрын ажыратуға баулу, есту қабілеттерін дамыту, қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>1. Балаларды музыкамен қарсы алу. Ойын: карточкада пианино, скрипка, гитара, сырнай, домбыра, жетіген, қобыз, шертер аспаптарының суреттері бейнеленген. Үнтаспада аспаптардың орындауында пьесада үзінді орындалып, балалар аспаптың үніне сәйкес суретін көрсетеді.</p> <p>2. Музыка тыңдау. Ал енді сендер ән тыңдаңдар. «Балапан» әні. «Шөжелер» биін таныс би қимылдарымен билету.</p>

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Болашақ» балабақшасы

Топ «Қарлығаш» ересек тобы

Балалардың жасы 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 29 қаңтар-03 ақпан 2024 жыл

Сейсенбі	Бейсенбі
<p>Тақырыбы: «Ән салған кім?»</p> <p>Мақсаты: Балаларды дыбыстың ұзақтығын ажырата білуге үйрету. Әуенді тыңдап, қысқа және ұзақ дыбыстарды анықтауға баулу.</p> <p>1. Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу. Балалар шеңбер жасап жүріп әндетеді. Шет жақта, балаларға сыртын беріп отырған бала, ән салған баланың дауысын тануы керек. Отырған бала ән салған баланы дауысынан таныса, олар орын ауыстырады.</p> <p>(тембрді айыру үшін арналған ойын)</p> <p>2. Ән айту. Көп бала бар бөлмеде, Бірі ғана ән салады.</p> <p>Ал сырттағы Кім екен деп тамсанады Бір бала былай деп әндетеді. Мен бақытты бөбекпін, Таудай биік талабым, Ән мен күйге зерекпін, Бірден қағып аламын.</p>	<p>Тақырыбы: «Қос дабыл» (Дыбыстың биіктігін айыру үшін арналған ойын)</p> <p>Мақсаты: Көңілді, сабырлы, мұңды музыкалық шығармаларды ажырата білуге үйрету. Есту қабілеттерін дамыту, тапқырлыққа баулу.</p> <p>1. Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу.</p> <p>2. Ән айту. Гүрілдей кеп қағылды, Танып тұрмыз дабылды. Там – та – ра – там. Там – та – ра – там. Там – та – ра – там. Там – та – ра – там. Шіңкілдей кеп қағылды, Танып тұрмыз дабылды. Ти – та – ра – ти. Ти – та – ра – ти. Ти – та – ра – ти. Ти – та – ра – ти.</p> <p>Балалар екі шеңбер жасап тұрады: сыртқы (Үлкен) және ішкі (Кіші.) Ойын басталғанша тәрбиеші өзінің қалауы бойынша үлкен немесе кіші дабылда ойнайды. Үлкен дабылда ойнағанда сыртқы шеңбердегі балалар айналып жүріп әндетеді, кіші дабылда ойнағанда ішкі шеңбердегі балалар айналып жүріп ән салады.</p>